

В данной статье рассматривается будущее и предпосылки таможенного союза Республики Казахстан.

In given article it is considered future and preconditions of the customs union of Republic Kazakhstan.

Ж.М. Абилдаева

ҚАРЖЫЛЫҚ ДАҒДАРЫСТЫҢ БАНК ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ

Жаңа егеменді Қазақстан өз дамуының 15 жылдық тарихында әлеуметтің экономикалық дамудың қиын кезеңін бастан өткерді. Кеңестік экономиканың қайта құрылу кезеңі мен одан кейін орын алған оның күйреуінен соң болған тәуелсіздіктің ең қиын алғашқы он жылдығында республикада қоғамдық-экономикалық формацияның ауысуы өтіп жатты. Ірі әлеуметтік және экономикалық реформаларды жүзеге асырып, өзінің саясаты мен әлемдік нарықтағы орнын анықтап, әлемдік қауымдастықтың көптеген елдерімен сыртқы экономикалық байланыстарын ретке келтіріп, Қазақстан мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңін абыроймен бастап өткізді. Ұлттық мүдделерді қорғай отырып, республика өз экономикасын жағымсыз сыртқы факторлардың әсер ету жағдайындағы жұмысқа дайындай білді.

Елдің жаңа қалыптасқан экономика жүйесі үшін оның халық өмір сүруінің қалыпты жағдайын ұстап тұра алу қабілеті мен ұлттық-мемлекеттік мүдделерді мақсатты жүзеге асыра алуының алғашқы және сапалы сынағы – 1997-1998 жж. оңтүстік-шығыс Азиядағы орын алған қаржылық дағдарыс болды. Азиялық аймақтағы қаржылық нарықтардың күйреуі көптеген елдердің экономикасына жағымсыз әсер етті, елдің қаржылық жағдайын төмендетуге әкеп соққан өндіріс көлемінің төмендеуіне себепші болды. Оның жаңғырығы посткеңестік кеңістікке де жетті. Осылайша 1998 жылдың тамызында Ресейде ішкі және сыртқы қарыздар мен бірқатар міндеттемелер бойынша ұлттық дефолт жарияланды. Қазақстан жүзеге асырылған шаралардың арқасында бұл дағдарыстың жағымсыз әсерінен қорғана білді. Көбіне бұған мемлекеттің дағдарыс қатеріне сәйкес реакция танытып, қолда бар қаржылық мүмкіндіктерді мақсатты пайдаланып, соның ішінде Норвегияның тәжірибесі негізінде мұнай қорын құруы себепші болды. Оңтүстік-шығыс Азиядағы дағдарыс әлемдік экономикадағы түрлі өзгерістерге қаржы секторының өте сезімтал екендігін және халықаралық жағдай кез келген елдің ішкі қалыбына ондағы қалыптасқан құрылымдарды өзгерте отырып, айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетті. Сәйкесінше, жаһандандырудың жағымсыз салдарын жеңу үшін алдымен экономикалық қауіпсіздіктің негізгі құраушы бөлігі болып табылатын елдің қаржылық қауіпсіздігі жүйесін қалыптастыру және оны күшейту қажет [1].

Әлемдік экономикалық жүйенің даму тарихы кез келген мемлекеттің сыртқы дағдарыстарға қарсы тұра алу қабілеті көбіне оның экономикалық және қаржылық күш-қуатымен, қолда бар экономиканы реттеудің қаржылық және ақшалай-несиелік құралдарын сауатты қолдана отырып, дер кезінде қолға ала алу қабілетімен анықталатынын көрсетеді. Осыған сүйене отырып, Қазақстан үшін басты мақсат өндіріс пен қызмет көрсету көлемінің өсуі, сыртқы экономикалық тепе-теңдік және елдің оң төмен балансын қамтамасыз етудің негізінде мемлекеттің экономикалық күш-қуатын жедел көтеру болғандығын оңай түсіндіруге болады. Іске асырылған тетіктер салыстырмалы аз уақыттың ішінде Қазақстан экономикасына тұрақты даму қарқындылығын қалыптастырып, планетадағы тұрақты дамушы 10 елдің қатарына кіруге мүмкіндік берді.

Дамушы нарықтар ұлттық экономиканың тұрақты дамуын көрсетеді. Жағымды жағдай ішкі қаржылық нарықта қалыптасып келеді. Қазақстандық банк секторы республика тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап жалпы алғанда алға қарай қарқынды дамып келеді. Банктер экономикадағы көптеген позитивті үдерістер мен бизнес көлемінің артуына бастамашы болды. Ел ішіндегі аса дамымаған қаржы нарығы жағдайында банктер капиталдың әлемдік нарықтарына шығу жолдарын қарастыруда. Сәттіліктің кепілі ретінде экономиканың айтарлықтай жоғарылауы мен Қазақстанның әлемдік деңгейде қаржылық рейтингінің өсуі болды. Шетелдік тәжірибе мен шетелде белсенді операцияларды қолданудың арқасында банктердің активтері мен несие портфельдерінің өсуі жеделдеді. Сонымен қатар, арзан ақшалардың қолжетімді болуы шетелде оларға деген бақылаусыз сұраныс туғызды, ал бұл жағдай елдің қарыздық тәуелділігіне жағымсыз әсер етті. 2007 жылы Қазақстанның жалпы сыртқы қарызы 96,4 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2006 жылмен салыстырғанда 22,4 млрд-қа немесе 30,2%-ға көп. Жалпы сыртқы қарыздың жалпы сомасынан 2,1 млрд доллар немесе 2,2 % мемлекеттік және мемлекет кепіл берген қарыз үлесіне және 94,3 млрд немесе 97,8% мемлекет кепілдік бермеген қарыз үлесіне келеді (қаржы министрлігінің анықтамасы бойынша, бұл – мемлекеттің басым қатысуы бар акционерлік қоғамдар, ұлттық компаниялар, даму институттары және екінші деңгейлі банктердің қарыздық міндеттемелері).

Белсенді қазақстандық банктер сыртқы нарықтардан тартқан айтарлықтай қаржылық ресурстар нәтижесінде елдің жалпы сыртқы қарызының жартысын алды. 2007 жылдың соңына қарай банктердің жалпы сыртқы қарызы шамамен алғанда 46 млрд долларды құрады. Бұл қарыздың 80%-дан астам бөлігі ұзақ мерзімді займдар мен несиелер үлесіне келеді. Нәтижесінде банктердің шамадан тыс леквиттілігі артып, ақша ұсынысы жоғарылады және тұтынушылық нарықтағы несиелер ставкаларының пайызы төмендеді. Жылжымайтын мүлік нарығындағы жоғары сұраныс жағдайында қаржы нарығы түрлі құралдар мен жеңілдік шарттарын пайдалана отырып, халыққа ипотекалық несиелер ұсынды. Ипотекалық кредитті алу жеңілдігі тұрғын үй құрылысында белсенді үлестік қаржылық қатысуға бас қойған халық арасында сұраныс туғызды. Тұрғын үйге спекулятивті, сондай-ақ инвестициялық сұраныс оның өз кезегінде қолжетімді несиелер көлемін банктердің ұлғайтуына итермелеген оның күрт қымбаттауына әкеліп соқты. Осылайша, 2001-2006 жж. қазақстандық азаматтар үшін жылжымайтын мүлік құрылысы мен оны сатып алуға арналған несиелер саны 94,8 есеге артты, осы кезеңдегі тұрғын үйдің бірінші реттегі нарығындағы бағалар 5,2 есеге, ал екінші реттегі нарықтағы баға 10 есеге артты.

Жаңа мыңжылдықта жылжымайтын мүліктің әлемдік нарығында тұрғын үй бағасының қарқынды өсуі байқалды, ол 2005 жылы бәсеңдей бастады. АҚШ-тағы 2006 жылы байқала бастаған ипотекалық дағдарыстың алғашқы белгілері – сенімсіз займшылар мен қайтарылмаған тұрғын үй несиелері сомаларының ұлғаюы болды. Ақырында бұл жағдай Америка ипотекалық несиелеу секторының құлдырауының себебі болды. Өзінің тарамдану себебіне байланысты АҚШ-тың қаржы нарығының дағдарысы көптеген халықаралық қаржы нарықтарына әсер етіп, халықаралық қаржы нарығындағы дисбалансты тудырған ликвидтіліктің (кепілге қойылған мүлік бағасы төмендеп, сәйкесінше несиелер өтеусіз қалды) әлемдік дағдарысын тудырды.

Банк жүйелерінің ипотекалық дағдарысы әлем құрлықтары мен елдерінде әртүрлі көрініс тапты. Әр елдің әлемдік қаржы нарығында орын алып отырған үдерістерге сезімталдығы елдердің халықаралық нарық капиталына кіруі, несиелер портфельдерінің құрылымы және т.б. осы сияқты себептермен байланысты. Сөйтіп, ТМД кеңістігінде көбіне Қазақстан, Ресей және Украинаның банкілік жүйелері дүниежүзілік қаржы нарықтарында тұрақсыздыққа ұшырады. Бұл, ең алдымен, шамадан тыс сырттан қарыз алудың арқасында несиелік белсенділігін күшейтіп алған банктерге жатады. Ахуалды дүниежүзілік қаржы нарықтарында пайда болған проблемалардың уақыт бойынша банктердің сыртқы міндеттемелеріне сай маңызды төлемін жасау мерзімімен сәйкес келуі күрделендірді. Ақыры бұл банк жүйесінде жиналған қатерлердің көрінуіне және ұлттық экономиканың сыртқы қаржылық өзгерістерге әлсіздігінің жоғарылатуына әкеп соқтырды.

Қазақстандық қаржы саласындағы тұрақсыздықтың алғашқы белгілері кредиттер беру шарттарының өзгеруінде, сонымен бірге қазақстандық банктердің акциясындағы бағаның құлауларында айқындалды. Банктер төлемпаздығы деңгейінің төмендеуінің куәлігі ретінде банкаралық несиелер бойынша мөлшерлемелердің өсуі болды, сонымен қатар екінші деңгейдегі банктердің жедел депозиттер жасау көлемдерінің қысқартылуы, ақша қорының сығымдалуы болды. Әлемдік нарықтарда сырттан қарыз алу мәселесін жүзеге асыру динамикасы қысқартылды. Республиканың банк жүйесінің жағдайы сыртқы міндеттемелердің қайта қаржыландыру қаупімен және төлемпаздықтың нақтылы дефицитімен қиындай түсті.

Қазақстандық банктердің көпшіліктері үшін құрылыс секторларына және де экономиканың басқа да проблемалық салаларына несиелер беру негізгі мәселе болды. Егер 2007 жылдың басында құрылыстың саласы өсіп-өркендеудің биік динамикасын сақтаса, жылдың екінші жартысында төлемпаздықпен байланысты туындаған проблемаларға орай банктердің несиелер беруді айтарлықтай қысқартуымен құрылыс та іс жүзінде тоқтатылды. Нәтижесінде құрылыс саласындағы физикалық өсудің жылдық индексі жоспарланған көрсеткіштен екі есе төмендеп, 15,3% құрады.

Қазақстанның мұндай банктік және құрылыс сияқты әлдеқайда дамыған шикізатсыз экономика салаларында ахуал қиындап кетті, себебі арзан сыртқы қаржыландыру мүмкіндігіне кедергілер пайда болды. Банк және құрылыс ұйымдарына дүниежүзілік қаржы дағдарысының келеңсіз салдарын жоюға мемлекеттің көмегі қажет болды. Үкімет құрылыс секторларын, шағын және орта кәсіпкерлікті бюджеттік ақшамен демеді, бұл негативті тенденцияларды жұмсартып, ұлттық қаржы нарықтарының қирауынан сақтады.

Нәтижесінде Республикада қаржы күштерін қайта жіктеу жүргізілді, төлемпаздық қалпына келтірілді, республиканың Ұлттық қорының қаржылары пайдаланылды, 2008 жылы республиканың бюджетіне банк жүйесінің төлемпаздығын қолдауға және ел ішінде қаржылық жүйеге деген сенімді сақтауға 4 миллиард доллар салынды. Үкімет пен «Қазына» мемлекеттік холдингі Лондондық қор биржасына айналып жатқан қазақстандық серіктестіктердің акцияларын сатып алу бойынша шараларын қолданды; банктердің сыртқы міндеттемелерін өтеу графигі жасалады. Банктерге

олардың сыртқы міндеттемелері бойынша ағымдағы дефолттарға жол бермеу мақсатында қысқа мерзімді төлемпаздық уәде беріледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық банк және ҚР Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша Агенттік 2008 жылдың қаңтарында банктерді барынша қолдау туралы біріккен мәлімдемесін алға тартты және мемлекеттік құрылымдар мен банк секторларының сыртқы факторлардың негативті әсерін жоюға және қаржы жүйесінің тұрақтандыруға бағытталған шаралар жиынтығы және іс-әрекеттер жоспарын анықтады.

Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің президенті Жан Лемьер 2007 жылдың соңында өткен Шетелдік инвесторлар кеңесінің 18-ші мәжілісінің қорытындылары бойынша болған пресс-конференцияда Қазақстанның әлемдік ипотекалық дағдарысқа деген реакциясы мен саясатын және елдің банкілік секторын күшейту бойынша қолданған шараларын қолдады. Ол Қазақстанда жақсы ойластырылған макроэкономикалық менеджменттің барын және елдегі барлық қорды басқарудың да жақсы деңгейде тұрғаны жайында өз пікірін білдірді.

Ипотекалық дағдарыстың зардаптары дүниежүзілік қаржы нарықтары мен экономикасына негативті ықпал көрсетуін жалғастырып отыр. Ипотекалық дағдарыстан кейінгі әлемдік экономиканың ысырабы халықаралық валюта қорының аналитиктерінің есебі бойынша 2008 жылдың сәуірінде 1 трлн АҚШ долларын құрады. Залал масштабтары инвесторларды қатерлерді басқарудағы қажетті жүйелері жоқ елдердің экономикасына үлкен қаржы беруге қатысты мәселеде сақтануға жұмылдырды. Сыртқы борышқорлық қаржылар айтарлықтай қымбаттай түсті. Несие шарттары каталдау бола түсті, себебі қаржылық институттардың маңызды ысыраптары болды.

Бір уақытта қаржылық-банктік дағдарыс Қазақстанның әлемдік экономикадағы дағдарыстық құбылыстарға қарсы тұратындай беріктігінің жеткілікті қорына ие екендігін көрсетті. ҚР-дың Ұлттық банкінің мәліметтері бойынша төлем балансы 2008 жылдың бірінші жарты жылдығында Қазақстанның халықаралық позициясының тұрақтылығын көрсетеді, оның ағымдағы есебінің профициті 6,7 миллиард доллар құрады, бұл 2007 жылдағы 7 миллиард доллар көлеміндегі дефициттен кейінгі көрсеткіш. Ұлттық банктің халықаралық резервтері мен Ұлттық қордың активтері жалпы 47 миллиардқа дейін өсті. Бірде-бір банк сыртқы да, ішкі де төлемдер бойынша дефолтқа жол берген жоқ. 2008 жылдың шілде айының басына банктік сектордың жиынтық активтері 12 триллион теңгеден асып, 4,2%-ға өсті. Тұрғын үй құрылысын дамыту туралы жаңа Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру бойынша шаралар жиынтығы іске асырылды. Қаңтар мен маусым айлары аралығында тұрғын-үй құрылысы саласына салынған қаржы 239 миллиард теңгеге жетті, бұл 2007 жылдың бірінші жарты жылдығына қарағанда 5,1%-ға көп. Дегенмен пайдалануға пәтерлердің жалпы ауданының тек 2870 мың шаршы метрі ғана енгізілді, бұл өткен жылдың деңгейінен төменірек болды.

Қаржылық-банктік салада қаржылық дағдарыстан кейінгі уақытта дүниежүзілік қаржы дағдарысының зардаптарын бейтараптандыруға арналған шаралар іске асырылды, банк секторлары мен қадағалаушы-реттеуші жүйе өзгертілді, отандық қор нарығы кеңейтілді. ҚР-дың Ұлттық банкі банк иелері мен реттеушілердің алдына өрлеу стратегиясын қайта қарау, банктердің қаржысын және несиелік портфелін қалыптастырудың теңдестірілген саясатын құрау, жұмыстың нәтижелірек ұстанымдарын, жаңа бизнес-үлгілерін жасау, ішкі нарықтың толық игерілуі, отандық қор нарығын дамыту бойынша міндеттер қойды. Бір уақытта банк секторының артық алуға бағытталған ақшалай-несиелік саясаты да күшейе түсті. Төлемпаздықтың дүниежүзілік дағдарысына жауап ретінде қаржы институттары қатерлер жүйесінің асыра бағалауымен байланысты ішкі рәсімдерін жүргізуде, әлемдік нарықтың келеңсіз көріністеріне деген алғашқы әсерлерінің механизмдері жасалуда.

Банктер өзіндік саясатын түзетті, потенциалды қарызшыларға деген қатаң талаптар қойып, банктік, соның ішінде ипотекалық қарыздарды қымбаттата түсті.

Дағдарыстан кейін әлемдік жүйенің қалай өзгеретіндігін әлі айту мүмкін емес, бірақ кез-келген жағдайда республика даму потенциалын сақтайды. Аналитиктердің пікірінше, пайда болған ғаламдық қаржылық-банктік дағдарыс дамып келе жатқан экономикаларға хрестоматиялық сабақ болды және тіпті белгіленген шамада Қазақстанның банкілік жүйесіне пайдалы болды, себебі проблемалардың бетін ашты, экономиканың диверсификациялану процесінің үдеуінің, ұлттық қаржы нарықтарының дамуының болашағының кеңеюінің, активтердің құрылымы мен сапасының жақсартылуының қажеттілігі туралы өзіндік ескерту ретінде болды. Бір мезгілде ол ішкі және ғаламдық қатерлердің басқару жүйесі мен бағалау жүйесіндегі проблемаларды көрсетті, ал олардың жойылуы елдің қаржылық саясатына дер кезінде түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

2009 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындылары бойынша маусым айында да отандық банк жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің нашарлауы жалғасты. Рейтингік агенттіктерінің болжамдары бойынша, жақын арада екінші деңгейдегі банктердің жағдайларының жақсаруы бола қоймас.

Банк секторының негізгі көрсеткіштерінің нашарлана түсуі, алдыңғы екі айдағыдай, шілде айында да Тұран Әлем Банкі мен Альянс Банкінің проблемаларына орай болды. Біріншісінің теріс капиталы шілдеде 100 миллиардтан аса түсіп, сәйкесінше 1021,8 миллиардты құрады, екіншісінің теріс капиталы шамамен 40 миллиард теңгеден 530 миллиард теңгені құрады.

Осы жылдың алты айы ішіндегі банк жүйесіндегі үлкен шығындар 2190,8 миллиард теңгені құрады, жеті ай ішінде 2367,6 миллиард теңгеге жетті, ал теріс капитал 548 миллиард теңгеге дейін өсті және бұл негізінде Тұран Әлем Банкі мен Альянс Банкінің жұмыстарының нәтижесімен байланысты болды. Жыл басында 67,9 миллиард теңгеге табыс түскен кезде теріс капитал 280,0 миллиард теңгені құрады. 37 банктің ішінде екінші деңгейдегі 9 банк шығындарға түсті, соның ішінде бірінші ондықтағы 5 ірі банк болды. Өте үлкен шығындар Тұран Әлем Банкіне болды – 1649, 9 миллиард теңге және Альянс Банкі 687, 4 миллиард теңгеге шығындалды. Банк жүйесінің көрсеткіштерінің қатты нашарлауының басты себептері - банктердің несие портфелінің сапасының стандарттық несие үлесінің азаюына және үмітсіздердің көбеюіне қарай өзгере түсуі болды. Банктер портфелінің құрылымында тамыздың басына қарай стандарттық несие үлесі 30, 6%-ға дейін, ал күмәнділер - 44, 4%-ға дейін төмендеп кетті, бұл ретте үмітсіз кредиттер үлесі жыл басындағы 4, 4%-ға қарсы 25%-ға дейін өсті. Жақсы банктердің «жаман» қарыздарының көлемі жеті айдың ішінде 4 есеге аса түсіп, 3 трлн теңгеден асты.

Қазақстанның ҰЖТ-ның 2009 жылдың бірінші жарты жылдығында 2,3%-ға құлауы, таң қаларлықтай болса да, кейбір жағдайларда банк секторының негізгі көрсеткіштерінің ҰЖТ-мен арақатынасының нығаюына әсер етті. ҰЖТ-ға деген активтердің қатынасы алты ай ішінде 2009 жылдың 1 қаңтарындағы 74,6% - дан, осы жылғы 1 маусымына 76,4%-ға шейін өсті. ҰЖТ-қа деген несие портфелінің қатынасы 58,0%-дан 64,3%-ға дейін өсті. ҰЖТ-ға деген клиенттер үлесінің қатынасы арнайы тағайындаудың еншілес ұйымдарының үлестерін санағанда 43,1-тен 49,1%-ға дейін өсті. Қазақстан экономикасын реформалаудың негізгі бағыттарының бірі қаржы секторы болды. Бұл орайда банк жүйесі әлдеқайда дами түсті. Және ол осы күнге шейін барлық қаржы жүйесінің негізі болып табылады. Банк жүйесінде жүргізілген реформалар банктің тұрақтылығын күшейтуге, олардың капитализациясының өсуіне, банк қызметіне қол жетімділікті ұлғайтуға, қатерлерді басқару жүйесін дамытуға бағытталады. Қазақстандағы банк жүйесінің дамуы экономиканың басқа салаларын реформалаудан едәуір озды. Ішкі нарықта қорларды тарту бойынша нақты шектеулерге тап болып, отандық банктер өздерін дамыту үшін және капиталдың сыртқы нарықтарында қаржыландыру үшін қорларды тарта бастады. Макроэкономикалық орта, Қазақстандағы несиеге деген жоғары сұраныс бұған жағдай жасады.

Сонымен бірге ішкі өндірістік нарықтың тарлығы банк қызметінің дамуын шектеді. Нәтижесінде отандық банктер Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей сияқты көрші әрі таяудағы елдердің нарығына ғана емес, сонымен қатар бұрынғы КСРО-ның басқа да елдеріне (Белорусия, Украина, Грузия, Армения) және де Түркияға, Қытайға, Моңғолияға шыға бастады. Басқа жағынан, банк қызметінің дамуы оларды сырттан қарыз алушылыққа тәуелді қылды. Ал несиелеудің жеке сегменттеріндегі қызметтің шоғырлануы (құрылыс, тұтынушы несие, сауда) несие қатерлерінің өсуіне себепші болды.

Сырттан қаржылануға тәуелділіктің жоғары дәрежесі барлық банк жүйесі үшін тән емес. Көбінесе бұл еншісіне сыртқы қарыздардың көп бөлігі келетін ірі банктердің қатары болып табылады. Осыған байланысты Қазақстанның банктік секторы отандық қаржы жүйесінің сегментімен әлемдік қаржы дағдарысына душар бола түсті, ал оның басқа сегменттері ағымдағы ахуалда басқаларға қарағанда аз қиналды.

2007 жылдың тамыз айында басталған дүниежүзілік дағдарыс 2008 жылдың 2 жартысындағы шикізат қорларына деген бағаның құлауымен бірлесе отырып әлемдік экономикадағы рецессияларға келтірді. Біз ірі қаржылық секторларды, сонымен бірге бүтін бір мемлекеттерді, ірі компанияларды банкроттыққа әкеп соқтырған айтарлықтай үлкен проблемаларды бақыладық. Көп үкіметтер және орталық банктер көлемдері ҰЖТ 10-20% дейін жететін қолдаудың бұрын болып көрмеген шараларын қабылдады.

Қазақстандық банктер қиын жағдайда қалды. Олардың сыртқы қарыздарын көбейту арқасында жүргізілген банк қызметін қаржыландыру айтарлықтай қатерлермен түйіндес болып қалды.

Шетелден қаржыландыру мүмкіндігін жоғалтып алған қазақстандық банктер 2008 жылы несие беруді айтарлықтай тоқтатып, несие мөлшерін жоғарылатты. Салдар ретінде банкілік несиелеуге тәуелді болған салалардың дамуы тоқтап қалды. Елде банктің берген қарыздарымен күн көріп жүрген тұтынушы сұранысы кенеттен қысқартылды. Нәтижесінде, егер 2007 жылы экономикаға берілген несиенің көлемі 54,7%-ға өссе, 2008 жылы тек 2,7%-ға, ал 2009 жылдың қаңтары мен шілдесінде 8,3%-ға жетті [2].

Жалпы алғанда Қазақстандағы макроэкономикалық жағдай шиеленіссе де, басқаруға болатын еді. Осы жағдайдан шығу үшін мемлекеттік органдардың тарапынан іс-шаралардың жасалуы қажет болды. Осы мақсатта, 2007 жылдың күзінен Қазақстан экономикасының тұрақтануы бойынша бірінші кезектік іс-әрекеттердің жоспары жүзеге асырылды. Бұл жоспардың шеңберінде 2007 жылдың күзінен 2008 жылдың бірінші жарты жылдығы аралығында үлескерлерді, ауыл шаруашылығын, шағын және орта кәсіпкерліктерді қолдауға Мемлекеттік бюджеттен 4, 5 миллиардтан аса АҚШ доллары (4, 2% ҰЖТ-ға) бөлінді.

2008 жылдың соңында Қазақстан Республикасының Президентінің тапсырмасы бойынша 2009-2010 жылдарға Үкіметтің, Ұлттық банктің және экономика мен қаржылық жүйенің тұрақтандырылуы бойынша қадағалау агенттігінің бірлескен әрекеттерінің жоспары жасалды. Жоспардың қаржымен қамтамасыз етілуі үшін Ұлттық қордан 10 миллиард АҚШ доллары бөлінді, бұл ҰЖТ-ның 8%-дан аса мөлшеріне сай.

Қызметтің 5 бағыты анықталды:

- қаржы секторының тұрақтануы;
- тұрғын-үй секторының дамытылуы;
- шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау;
- агроөнеркәсіптік кешенді дамыту;
- инновациялық, индустриалды және инфрақұрылым жобаларының іске асуы.

Ұлттық Банктің шаралары туралы.

Энергия қорлары мен азық-түлікке деген әлемдік бағалардың өсуімен болған 2007 жылдың аяғынан 2008 жылдың бірінші жарты жылдығы аралығындағы инфляцияның кенеттен көтерілуінен кейін келесі периодта дезинфляция процесі байқалады. 2009 жылдың тамыз айының қорытындысы бойынша біржылғы инфляция 6,2%-ды құрады, ал 2008 жылдың тамыз айында ол 20,1%-ға жеткен болатын, яғни 3 есеге төмендеп кетті. Қазіргі кезде дезинфляцияға мүмкіндік жасайтын факторлардың әсері бұларға қарама-қарсы сипаттағы факторлардың әсерінен әлдеқайда маңыздырақ болып табылады. Осыған орай Ұлттық Банктің ақшалық-несиелік саясаты, негізінен, теңгенің айырбастау курсының тұрақтылығының қамтамасыз етілуі мен елдің қаржы секторының тұрақтылығына бағытталған.

Мемлекет Басшысының тапсырмасына сәйкес Ұлттық Банк экономика мен қаржылық жүйені тұрақтандыру бойынша қадағалау агенттіктерімен бірлесе отырып, кризистен кейінгі Қазақстанның қаржылық секторының дамуы Концепциясы жобасын дайындады. Бұл Концепцияға берілгендерімен сәйкес қаржы секторының дамуындағы негізгі бағыттар ретінде төмендегілер анықталды:

1. Мемлекеттік-жеке серіктестік институтын ел экономикасының негізгі қаржыландыру механизмі ретінде пайдалану.

Инфрақұрылым кешені объектілерінің жасалуы Қазақстанның экономикалық дамуының негізгі басымдылықтарының бірі болады. Мемлекеттік-жеке серіктестіктің механизмдерін пайдалану көлік және телекоммуникациялық инфрақұрылым, химиялық өнеркәсіп, металлургия, энергетика және тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық сияқты экономиканың стратегиялық түрде маңызды салаларын модернизациялау процесінің негізгі құрамдас бөлігі болуға тиіс. Серіктестіктің мына түрі, бір жағынан, жеке кәсіпкерлік ынтаның потенциалын дамытып, жүзеге асыруға және институттық инвесторлардың қаржысын тартуға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, экономиканың әлеуметтік маңызды секторларындағы мемлекеттік міндеттерін сақтауға көмектеседі.

2. Қаржы секторын реттеу мен қадағалаудың контроциклдік принципі.

Әлемдік қаржылық бірлестігінің ағымдағы кризистен кейінгі жасалынған және реттеудің жүйесін жаңғырту мақсатында бұдан кейін де ерекше көңіл бөлінуді әрі осындай кризистерді болдыртпауды талап ететін негізгі қорытындысы реттелудегі проциклді азайту болып табылады. Қаржы секторының реттеуі мен қадағалауының экономикалық даму кезінде күшейіп, құлдырау кезінде жеңілдей түсетін контроциклдің енгізілуі жобаланады.

3. Орташа мерзімді болашақтағы көкейкесті бағыт баланстардың үйлесімсіздігінің жинақталуының, нақты және қаржылық нарықта пайда болған «көпіршіктердің» алдын алудың, сонымен қатар жүйелік қатерлердің азаюына ұтымды механизмінің өндірілуі және де жүйелік қатерлердің минимизациялауы болып табылады. Бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың болашақ үлгісі макропруденциалдық реттеу ұстанымдарының жүзеге асырылуына бағытталады. Макропруденциалдық реттеудің дамуы субъектілер (институттар), объектілер (қызметтер, нарықтар) және жүйелік сипаты бар қатерлер аймақтары бойынша негізгі шешімдер қабылдауды болжайды.

4. Жалпы алғанда ғаламдық қаржы дағдарысының қорытындысына қарай қаржы секторына қатысты реттеуші заң қайта қаралады. Қазақстандық қаржы жүйесі нарықтық шоғырландырудың айтарлықтай жоғары деңгейімен сипатталады. Әсіресе, бұл елдің банктік және зейнетақы

секторларына қатысты. Осындай тенденциялардың баршылығы және ағымдағы дағдарыстың зардаптары Қазақстанның қаржы секторы үшін ұлттық теорияны растады, яғни ірі қаржы институттарының қатерлері бүкіл қаржылық жүйенің қалпына қысым көрсетеді.

Осымен байланысты дағдарыстан кейінгі мерзімде жасалған Қазақстанның қаржы секторының дамуы Концепциясында қаржы секторында бәсекелестіктің жоғарылауына бағытталған бөлім ескертілген. Бұл, біріншіден, банктердің капиталының кішкене мөлшерінің біртіндеп үлкеюінің қажеттілігіне тікелей шарттарды қарастырады. Қаржы институттарының ірілендірілуі және консолидациялануы немесе олардың қаржы институттарының басқа түрлеріне қайта ұйымдастыруы ірі банктерге тиісті бәсекелестікті көрсетуге қабілетті орташа банктердің нарықтық еншісінің өсуіне мүмкіндік туғызады. Мұнымен қатар банктер мен банк өнімдерінің дамуындағы нәтижелірек шарты олардың бәсекелестігі болып табылады. Бұл сонымен қатар халықтың банк қызметін пайдалануға қол жетімділігін кеңейту тұрғысында да маңызды [3].

Қорытындылай келгенде, кез-келген кризис – бұл тек қана проблемалар ғана емес, сонымен қатар жаңарудың, даму жолдарының, жаңа ізденістерінің мүмкіндіктері екенін айта кеткім келеді. Соңғы жарты жылдықта дағдарыстық көрсеткіштерді азайтумен қатысты қолданылған шаралардың Қазақстандағы тұрақты және сапалы экономикалық дамуды қалпына келтіру үшін қажетті іргетасты қалайды деп ойлаймын

1. Андерс ОСЛУНД «И последние станут первыми. Финансовый кризис в Восточной Европе». - М., 2011.
2. Влияние финансового кризиса на банковский сектор. <http://i-news.kz>
3. Концепция развития финансового сектора Казахстана на посткризисный период.

В данной статье автор рассматривает правовые вопросы влияния финансового кризиса на банковскую систему в Республике Казахстан.

In this article an author examines the legal questions of influence of the financial crisis on a banking system in the Republic of Kazakhstan.

Е.Б. Бекмуханбетов

ИНВЕСТИЦИИ КАК ОБЪЕКТ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ОТНОШЕНИЙ

Сущность и понятие инвестиции требует большого внимания как правовой и экономической категории. В литературе существуют различные подходы к определению инвестиций с учетом сложностей и многоаспектности данной категории.

Так, в экономической литературе Д. Кейнс определяет категорию «инвестиции» как текущий прирост ценности капитального имущества в результате производственной деятельности данного периода или та часть дохода за данный период, которая не была использована для приобретения [1, с. 117]. И.Т. Балобанов считает, что инвестиции – это применение финансовых ресурсов в форме долгосрочного вложения капитала [2, с. 15]. Другие ученые, как А. Сагдиев и К. Садвакасов, полагают, что инвестициями являются вложения долгосрочного характера в создание или приобретение в необоротных активов длительного пользования, а также долгосрочные финансовые вложения в ценные бумаги и уставные капиталы других предприятий [3, с. 4].

Определения, указанные выше, объединены общим и одним из важнейших признаков инвестиций. Целью инвестиций является получение дохода или прибыли. Хотелось бы отметить, что названные определения не способны разграничить такие понятия, как инвестиции и капиталовложение. «Инвестиции» в переводе с английского «investments» означает капиталовложение, но на наш взгляд, было бы не совсем верным утверждать, что эти два понятия идентичны по своему смыслу и содержанию. Так, капиталовложение в узком смысле определяется как затраты на воспроизводство основных фондов, их увеличение и совершенствование [4, с. 45]. В широкой же трактовке капиталовложение – это одновременно и действие и результат этого действия, т.е. решение инвестировать инвестируемые блага и доходы, полученные в связи с инвестированием [5, с. 7]. В результате можно сделать обоснованный вывод, что не всякие капиталовложения являются инвестициями, и наоборот – не всегда инвестиции являются капиталовложением.

Рассказывая об инвестициях, основной целью которых является вложение средств с последующим получением прибыли, хотелось бы отметить, что в экономической литературе дается определение инвестиций. Так, например Дж.М. Розенберг утверждает, что инвестиции – это использование денег для получения больших денег, для достижения прироста капитала или